

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультеті, Археология, этнология және музеология
кафедрасының «6D020800- Археология және этнология» мамандығы
бойынша PhD докторанты Бейсеғұлова Айнура Қыдырғалиевнаның
«Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан
қазақтарын салыстырмалы талдау» атты диссертациялық зерттеу
жұмысына берілген отандық кеңесішінің

ШКІРІ

Ізденуші А.К. Бейсеғұлованың «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы талдау» атты диссертация тақырыбы бүгінгі кезеңдегі тарих ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Қазіргі кезеңде этникалық, ұлттық бірегейлікті зерттеу арқылы мемлекеттің әлеуметтік-мәдени даму үрдісін, халықтың тарих тоғысындағы орнын анықтауға мүмкіндік береді. Олай болса, қай кезеңде болмасын мемлекеттің дамуы ұлттың қалыптасу үдерісімен, оның тұтастығымен және этникалық бірегейлігімен байланысты. Әрине, этникалық бірегейліктің қалыптасуына жаһандану үдерістері де әсер етпей қоймайды. Ал, мемлекеттік құрылымды сақтап қалуда ұлттық бірегейліктің маңызы жоғары. Сондықтан да «ұлттық бірегейлік» мәселелерін зерттеу тарих ғылымындағы маңызды тақырыптар қатарынан орын алу керек деп ойлаймыз. Халқымыздың біртұтастығының сақталуын қамтамасыз етеміз десек, сыртта, өзінің тарихи Отанынан жырақта жүрген отандастарымызды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда ізденуші А. Бейсеғұлованың философия ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация тақырыбы өзекті.

Қазақ диаспорасының бірегейлігі мәселесі отандық этнология ғылымы бағытында арнайы зерттелмеген тақырыптар қатарына жатады. Әрине қазақ диаспорасының этникалық және этномәдени үдерістеріндегі дәстүрлі мәдениеттің сақталуы мен ерекшеліктері жөнінде жазылған еңбектер баршылық. Бірақ басқару жүйесі екі бөлек елде тұрып жатқан қандастарымызды салыстырмалы түрде талдаған зерттеулер жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда диссертация тақырыбы өзекті, әрі алдына қойып отырған мақсат міндеттері де қазақ этнологиясындағы көкейтесті проблемаларды талдауға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Диссертант А. Бейсеғұлова бұл тақырыпты игеру оңай бола қойған жоқ себебі, бұл зерттеу бір жағынан Қазақстан этнологиясында қарастырылып отырған алғашқы жұмыстардың бірі болса, екінші жағынан салыстырмалы түрде талдау да көп әдіс тәсілді қажет етеді. Зерттеу барысында А. Бейсеғұлова көп ізденді, еңбектенді. Екі елге: Өзбекстан мен Түркияда мекендеп отырған қандастарымыздың арасында болып әртүрлі әдіс-тәсілдермен деректер, материалдар жинап, оны өңдеп, жүйеге келтіріп,

этникалық және этномәдени тұстарындағы ерекшеліктерді салыстыра отырып, тұжырым жасады. Ел арасынан сұхбат арқылы жиналған далалық этнографиялық материалдармен қоса этноәлеуметтік тәсілмен сұрақ-жауап түрінде де деректер жинады. Оған қоса жергілікті жерлерден материалдық мәдениетке қатысты музей материалдары да алынды. Жиналған материалдарды екі аумақтағы қандастарымызды салыстыру барысында орынды пайдалана отырып, ғылыми айналымға енгізе білді, оған жарияланған мақалалар дәлел бола алады.

Зерттеу талабына сай, әрі тақырыптың мазмұнын ашу мақсатында құрылған жоспар үйлесімді, Жұмыс кіріспеден, 3 тараудан және қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі бүгінгі күннің талаптарымен негізделді, мақсат-міндеті айқындалып, зерттелу деңгейіне талдау жүргізілген, ғылыми жаңалығы зерделеніп, зерттеудің негізгі теориялық және практикалық тұжырымдамалары жасалды. **Бірінші тарауда** зерттеудің теориялық-методологиялық аспектілері қарастырылып, шет елдік Э. Эриксонның, С.Хантингтонның, Дж.Г. Мидтің, Ф.Барттың, т.б., Ресей зерттеушілерінен М.Н. Губоглоның, Б.М. Пивоевтың, В. Малаховтың, т.б. және отандық зерттеушілер Ә.Н. Нысанбаев, Р.Қ. Қадыржанов, В.Ю. Дунаев, т.б. этникалық бірегейлік, диаспораға қатысты ғылыми тұжырымдамалары талданып, жұмысты жазуда арқау болды. Отандық, шетелдік зерттеушілердің еңбектері мен концепцияларын сараптау нәтижесі этникалық бірегейлік ұғымы қатып қалған тұжырымдардан тұрмайтындығы, оның астарында ұлттық сана-сезім жатқандығын білдіреді. Ал, бірегейліктің қалыптасуы, саяси-әлеуметтік, мәдени үрдістердің дамуымен байланысты екендігі белгілі. Зерттеуде осы тұжырымдамалар басшылыққа алынды. **Екінші тарауда** этникалық бірегейлік үлгілері айқын көрінетін тұрмыстық және мәдениет көрсеткіштері бойынша салыстырылып, өз алдына тұжырымдар жасалынады. Олардың «диаспора» ретінде қалыптасуындағы ерекшеліктеріне тоқтала отырып, екі елдегі қазақтардың кәсібінде, материалдық мәдениетінде жалпы, тұрмысындағы ерекшеліктерге тоқтала отырып, ондағы этникалық бірегейлік көріністерін талдайды. Олардың қоршаған ортаға қарай тұрмысы мен мәдениетіндегі өзгерістерге талдау жасайды. Түркия қазақтарына қарағанда 70 жыл кеңестік жүйеде бір болған Өзбекстандағы қазақтардың тұрмысы мен мәдениетіндегі этникалық бірегейлік айқынырақ екендігі байқалады. Ұрпақаралық естеліктер мен ұлттық құндылықтарда этникалық бірегейліктің көрінісі **үшінші тарауда** талданды. Түркия және Өзбекстандағы қазақтардың ұлттық құндылықтарды қастерлеуі, оның ішінде тарихи естеліктердің сақталуы, отбасылық қарым-қатынастағы этникалық бірегейлік мәселесі сараланып, тұжырым жасалынған. Екі ел қазақтарындағы жастардың ұлттық құндылықтарға деген көз-қарасы этноәлеуметтік сауалнамаларға алынған жауаптармен дәйектелген. Сондай ақ, этникалық бірегейлікті сақтауда тіл мен

діннің орны маңызды екендігі белгілі. Зерттеуде диссертант Түркия мен өзбекстандағы қазақтардың тілді меңгеруі этносоциологиялық сұрақнама нәтижесі негізінде кесте арқылы беріліп, ой қорытылады. Өзбекстан қазақтары арасында ана тілін меңгеру жоғарырақ екендігі айқындалған. **Қорытынды** бөлімінде үш тарау бойынша негізгі ой қорытылып, тұжырымдалды. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар әртүрлі әдіс жолмен: интервью, сұрақ жауап, фото құжат, т.б. дәлелденді. Жалпы, диссертант өзінің алдына қойған мақсатына жеткен. Жұмыстың мазмұны толығымен ашылып, ғылыми жаңалығы айқындалды. Диссертант 166 дан астам зерттеулер мен деректерді, 500 ден аса информаторлардан деректер алынған. Сонымен қатар зерттеуде қосымша деректер мен материалдар оның ішінде автордың өзінің зерттеу барысында түсірген фотоқұжаттары да кеңінен пайдаланылған.

Қорыта келе, ізденуші А.К. Бейсегулованың философия ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертация жұмысы ҚР БЖҒМ философия ғылымдарының PhD докторы ғылыми дәрежесін беру талабына сай жазылған. Диссертация аяқталған, дербес жазылған деп есептеп, жұмысты қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекшісі,
т.ғ.д., профессор:**

Б.К. Қалшабаева

